



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕҢБЕК ШАРТЫ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫ – ЕҢ ҚОРҒАЛМАҒАН ЖҰМЫСШЫ



Қазақстанда құрылыс қарқыны күн сайын артуда десек артық айтқандық емес. Қалалар өсіп, жаңа тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, әлеуметтік және өндірістік нысандар көптеп салынуда. Құрылыс – экономиканың маңызды қозғаушы күштерінің бірі. Бірақ жана ғимараттардың іргетасы қаланғанда тағы бір ең маңызды іс назардан тыс қалмауы керек. Ол – еңбек қауіпсіздігі.

(Жалғасы 2-бетте)



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Аслан ТУКИЕВ,
ҚР Жоғарғы Сотының Әкімшілік істер жөніндегі
сот алқасының төрағасы:

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІ ТЕК МЕМЛЕКЕТПЕН ДАУЛАСУ ТЕТІГІ ДЕП ҚАБЫЛДАУ ҚАТЕ

– Биыл әкімшілік әділет институтының енгізілгеніне 5 жыл толды. Жаңа сот төрелігін қалыптастыру, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті дайындау жұмысына кімдер тартылды? Жаңа институтты енгізу ісінде кімдердің есімін ерекше атар едіңіз?

– 2026 жылғы маусым айында Қазақстан Республикасындағы әкімшілік әділет реформасының басталғанына бес жыл толды. Сот ісін жүргізудің жаңа түрінің енгізілуі және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (бұдан әрі – ӘРПК) қабылдануы азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғаудың нақты тетігін қалыптастырып, мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынаста заңдылық пен әділеттілік қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыруды қамтамасыз етті.

Әкімшілік әділет мемлекеттік аппараттың ресурстары мен қарапайым азамат пен кәсіпкердің мүмкіндіктері арасындағы алшақтықты теңестіруге бағытталған тетік ретінде құрылды. Сондықтан бұл реформаның тиімділігін бағалау кезінде оның бүгінгі нәтижелерін ғана емес, соңғы жылдары отандық құқықтық жүйенің терең трансформациялануына алып келген жолды да ескеру қажет.

Реформаның тиімділігін сот статистикасы да растайды. Егер ӘРПК енгізілгенге дейін азаматтар мемлекетпен дауларда шамамен 15% жағдайда ғана жеңіске жетсе, әкімшілік соттар жұмыс істей бастаған жылдар ішінде бұл көрсеткіш 60%-ға дейін өсті. Жекелеген санаттағы



істер бойынша, атап айтқанда инвестициялық дауларда, бизнестің қанағаттандырылған талаптарының үлесі 75-80%-ға дейін жетеді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкімшілік әділетті қалыптастырудағы рөлі шешуші әрі айқындаушы болды. Саяси ерік-жігерсіз ӘРПК-ні енгізу және қазіргі үлгідегі әкімшілік соттар жүйесін құру мүмкін болмас еді. Реформаның бастапқы кезеңінде белгілі бір күмән мен қарсылықтар да болды, өйткені жаңа модель мемлекет пен азамат арасындағы өзара қарым-қатынастың дәстүрлі тәсілін едәуір өзгертуді көздеді.

(Жалғасы 3-бетте)



ТҮЛҒА

Әлібек АХМЕТОВ, Ақтөбе облыстық сотының төрағасы:

«ЕР ЕҢБЕГІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ»

Әрбір адамның еңбегі оның ұлтына, халқына сіңірген қызметіне қарай бағаланады. Елдің атын ер шығаратыны, ердің атын ел шығаратыны бәрімізге белгілі. Осындай абыройлы, еліне, халқына аянбай еңбек еткен, жаны жайсаң Иран Әмірұлы Әміровтің Ақтөбе облысының дамуына, экономикасының өркендеуіне қосқан зор үлесі бәрімізге аян.

Иран Әмірұлы 1944 жылдың 15 қыркүйегінде Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының Қара-Кеткен бекетінде дүниеге келген. 1971 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген. Бұл кісі өмірінің тең жартысын судьялық жұмысқа арнады. Атап айтқанда, И.Әміров құқық саласындағы өзінің еңбек жолын 1970 жылы Ақтөбе қалалық сотының халық судьясы қызметінен бастап, бірнеше аудандық, қалалық соттарды басқарды. Оның өзіне деген талапшылдығы, үлкен ұйымдастырушылық қабілеті, әсіресе, Ақтөбе облыстық сотын 1995–2004 жылдары басқарған кезінде анық байқалды.

Иран Әмірұлы сот саласында 34 жыл абыройлы қызмет атқарып, қаншама жас судьяларды тәрбиеледі. Және осы 34 жыл судьялық ғұмырын Ақтөбе облысына арнағаны да бөлек бір тарих. Аймақтағы сот билігінің сапасын көтеруге, мықты судья кадрларының қалыптасуына еселі үлесін қосқан Иран Әмірұлының елге қызметі 2004 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатында депутаттық қызметпен жалғасқан болатын.


И.Әміров 1989 жылдың қыркүйек айында сот саласындағы ерен еңбегі үшін «Қазақ КСР еңбек сіңірген заңгері» атағын алған. 1999 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құрылуына 80 жыл толуына орай Әділет министрлігінің Құрмет грамотасына ие болды. Ал 2001 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Конституциясы күні мерекесіне орай және мінсіз қызметі үшін «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалін өңіріне қадады. Осының бәрі ерен еңбектің жемісі.



Әсіресе, сот саласындағы реформаларда Иран Әмірұлының қолтаңбасы ерекше сезіледі. Әріптес ағамыз саладағы мінсіз қызметі үшін 2001 жылы «Құрметті судья» атағын алған.

(Жалғасы 5-бетте)

2-БЕТ



Пәтер жалдауда
нені ескерген
жөн?

6-БЕТ



Кибермәдениет –
қауіпсіз цифрлық
ортаның негізі

8-БЕТ



Қоңыр қайысқа
түскен «қолтаңба»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕҢБЕК ШАРТЫ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫ – ЕҢ ҚОРҒАЛМАҒАН ЖҰМЫСШЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құрылыс – биіктік, ауыр техника, электр желілері, жүк көтергіш механизмдер, казу жұмыстары, құрылыс конструкцияларының құлау қаупі барын да ескертетін сала. Сондықтан мұнда бір ғана қателіктің құны тым қымбат болуы мүмкін. Мәселе құрылыс қарқынын бәсеңдетуде емес, құрылысты қауіпсіздік талаптарын әлсіретпей жүргізуде.

Қазақстанда өндірістік жарақаттандуды төмендету бағытында белгілі бір оң өзгерістер бар. Еңбек министрлігінің мәліметінше, 2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалар саны 4,5 пайызға – 1408 жағдайдан 1345 жағдайға дейін азайған. Қаза болғандар саны да 202-ден 188-ге дейін, яғни 7,9 пайызға қысқарған. Сол деректе зардап шеккендердің ең көп үлесі тау-кен металлургия кешеніне – 16 пайыз, құрылыс саласына – 10 пайыз, мұнай-газ секторына – 5 пайыз болғаны көрсетілген. Бұл – назар аударуға тұрарлық динамика.

Алайда 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы көрсеткіштер мәселенің әлі де өткір екенін көрсетеді. Осы кезеңде еліміздің кәсіпорындарында 727 жұмыскер зардап шеккен. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,5 пайызға көп. Ауыр жарақат алғандардың саны 409-дан 476 адамға дейін, яғни 16,4 пайызға өскен. Жазатайым оқиғаларды тергеу

материалдары өндірістік жарақаттандудың негізгі себептері қатарында жұмысты қауіпсіз ұйымдастырудың жеткіліксіздігін, қауіпсіздік талаптарының сақталуына бақылаудың болмауын, ақаулы жабдықтарды пайдалануды және жоғары қауіпті жұмыстарды жүргізу талаптарының бұзылуын көрсетеді. Демек, мәселені тек «жұмысшы абайламады» деген бір ауыз сөзбен түсіндіру жеткіліксіз.

Өндірістегі жазатайым оқиғадан кейін ең алдымен адамның өзіне жауапкершілік жүктеу оңай. Бірақ шын мәнінде басқа мәселен, «жұмысшыға қажетті нұсқама берілді ме, ол жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілді ме, қауіпті аймақ қоршалды ма, жабдық техникалық тексеруден өтті ме, жұмыс барысын кім бақылады және қауіпсіздік талаптары өндіріс қарқыны үшін құрбан болған жоқ па?» деген сұрақтар қойылуы керек.

Қазақстандағы ресми талдаудың өзі осы сұрақтардың маңызын көрсетеді. Өйткені, өндірістік жазатайым оқиғалардың негізгі себептерінің бірі – жұмысты тиісті деңгейде ұйымдастырмау 34,2 пайызды, жұмыскердің өрескел абайсыздығы 33,6 пайызды құраса, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін бұзу әлдеқайда аз, яғни 8,5 пайыз, жол қозғалысы ережелерін бұзу – 7,8 пайыз болған. Демек, қауіпсіздік – тек жұмысшының емес, ең алдымен өндірісті ұйымдастыру жүйесінің жауапкершілігі.

Жалпы, Қазақстанда еңбек қауіпсіздігі мәселесінің құқықтық негізі қалыптасқан. Еңбек кодексі еңбек қауіпсіздігін жұмыскерлерге зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын шаралар кешенін ретінде айқындайды. Кодекстің негізгі қағидаттарының бірі – жұмыскердің өмірі мен денсаулығының басымдығы. Жұмыс беруші кәсіптік тәуекелді бағалауға, оны азайту және болдырмау шараларын қабылдауға, жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі бойынша оқытуға, нұсқама беруге, білімін тексеруге, жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру талаптары да бар.

Жұмыскердің де нақты құқықтары бекітілген. Ең маңыздысы– жұмыс беруші қажетті қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етпеген және адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, жұмыскердің бұл туралы басшысына немесе жұмыс берушіге жазбаша хабарлай отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға құқығы бар. Бұл – қағаз жүзінде ғана қалмауы тиіс өте маңызды норма.

Өйткені құрылыс алаңында жұмысшы «қауіп бар» деп жұмысты тоқтатуға қорықса, ең жақсы жазылған заңның өзі толық нәтиже бермейді. Еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік тетіктері бар. Ауыр зардаптарға әкелген жағдайларда

кылмыстық жауапкершілік те қарастырылған. Бірақ қазіргі кезеңде мәселені тек жазаны күшейту арқылы шешу жеткіліксіз. Негізгі мақсат – «оқиға болды – тексердік – кінәліні жазаладық» моделінен «қауіп анықталды – оны жойдық – оқиғаға жол бермедік» моделіне көшу.

Сарапшылардың айтуынша, қазіргі құрылыс индустриясының тағы бір ерекшелігі – бір нысанда бірнеше компанияның жұмыс істеуі. Бас мердігер бар, қосалқы мердігерлер бар. Бір компания қаңқа көтереді, екіншісі электр жүйесін жүргізеді, үшіншісі әрлеу жұмыстарын атқарады. Осындай жағдайда еңбек қауіпсіздігі үшін жауапкершіліктің бөлшектеніп кету қаупі бар. Сондықтан бас мердігердің құрылыс алаңындағы қауіпсіздікті жалпы үйлестіруі ерекше маңызды. Мұндай заңнаманы әрі қарай жетілдірудің бір бағыты – бас мердігер мен қосалқы мердігердің жауапкершілігін нақты әрі өлшенетін ету. «Бұл біздің жұмысшымыз емес» деген уәж құрылыс алаңындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етпеуге себеп болмауы тиіс. Өйткені құрылыс алаңындағы адам өмірінің құны оның еңбек шартында қай компанияның атауы жазылғанына байланысты емес.

Еңбек шарты жоқ жұмысшы – ең қорғалмаған жұмысшы. Бұл мәселенің нақты мысалы Астана қаласында көрінді. Ресми мәлімет бойынша, 2025 жылы елордада 40 жазатайым оқиға тіркелген. Оның 32-сі ауыр жарақатпен, 10-ы өліммен аяқталған. Өліммен аяқталған жағдайлардың сегізі құрылыс алаңдарында болған. Ең алаңдатарлығы – зардап шеккендердің барлығының еңбек шарты болмағаны анықталған. Сонымен қатар жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру талаптарының бұзылғаны да анықталған. Бұл дерек бір нәрсені яғни, еңбек қатынастарын заңдасты-

ру – тек жалақы мен әлеуметтік төлем мәселесі емес, ол еңбек қауіпсіздігінің де құрамдас бөлігі екенін көрсетеді.Ресми еңбек шарты бар адамның құқықтары, сақтандырылуы, жазатайым оқиға болған жағдайда өтем алу мүмкіндігі әлдеқайда нақты қорғалады. Сондықтан құрылыс саласындағы көлеңкелі жұмыспен қамтуды азайту да жарақаттандудың алдын алу саясатының бір бөлігі болуы тиіс.

Халықаралық еңбек ұйымы құрылысты әлемдегі ең қауіпті салалардың бірі ретінде сипаттайды. Оның деректеріне сәйкес, индустриясы дамыған елдерде құрылыс жұмысшыларының өндірістегі өлімге әкелетін жазатайым оқиғаға ұшырау ықтималдығы басқа жұмыскерлерге қарағанда 3-4 есе жоғары. Ұйым құрылыс саласындағы көптеген қауіптің алдын алуға болатынын атап көрсетеді.

Халықаралық тәжірибенің маңызды сабағы – қауіпсіздікті құрылыс басталғаннан кейін емес, жобалау кезеңінен бастап қамтамасыз ету. Яғни, нысанның жобасы жасалған кезде-ақ биіктіктегі жұмыстар, монтаж, техника қозғалысы, электрмен жабдықтау, эвакуация, қорғаныс жүйелері сияқты тәуекелдер ескерілуі керек. Бұл Қазақстан үшін де маңызды бағыт. «Тез бітіру керек», «тағы бес минут жұмыс істей сал», «каскасыз-ақ істей бер» деген түсініктердің орнына қауіпсіздік бірінші орында тұруы қажет. Өйткені бір жұмысшының жарақаты – кәсіпорын үшін де, мемлекет үшін де, ең бастысы оның отбасы үшін де үлкен шығын.Сондықтан құрылыс сапасы деген ұғымға адам қауіпсіздігін де қосатын уақыт келді. Ал ең жақсы статистика – жарақат санының азаюы ғана емес, құрылыс алаңынан әр жұмысшының кешке аман-есен оралуы.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

Пәтер жалдау кезінде тұрғын мен үй иесі көбіне бағаны, төлем мерзімін және басқа талаптарды ауызша келісіп жатады. Алғашында бұл екі тарапқа да ыңғайлы көрінуі мүмкін. Бірақ жалдау ақысы көтерілгенде, кепілдік төлем қайтарылмағанда, мүлік бүлінгенде немесе пәтерді босату туралы талап қойылғанда, ауызша келісімнің әлсіз тұстары байқалады. Қазақстан заңнамасы тұрғын үйді жалдау қатынасын жазбаша рәсімдеуді талап етеді. Демек, пәтер жалдау – жай ғана тұрмыстық келісім емес, екі тараптың құқықтары мен міндеттерін туындататын азаматтық-құқықтық қатынас.

ҚР Азаматтық кодексінің 601-бабына сәйкес, тұрғын үйді жалдау шарты бойынша меншік иесі немесе оның уәкілетті адамы тұрғын үйді азаматқа және оның отбасы мүшелеріне ақы төлеп пайдалануға береді. Осы баптың екінші тармағында тұрғын үйді жалдау шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс екені тікелей көрсетілген. Ал Азаматтық кодекстің 603-бабына сәйкес, жекеше тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді жалдау талаптары, егер тұрғын үй заңнамасында өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімімен белгіленеді. Яғни, пәтер иесі мен жалға алушы жалдау ақысын, мерзімін, төлем тәртібін және өзге де талаптарды өзара анықтай алады. Алайда бұл талаптар жазбаша құжатта көрсетілуге тиіс. Жазбаша шарт екі тараптың бір-біріне сенбейтінін білдірмейді. Оның негізгі міндеті – тараптардың не туралы келіскенін нақты бекіту және дау туындаған кезде әрқайсысының құқығын қорғау. Жазбаша шарттың болмауы тараптар арасында ешқандай құқықтық қатынас туындаған жоқ дегенді білдірмейді. Алайда дау туындаса, ауызша келісімнің мазмұнын дәлелдеу қиындайды. Азаматтық кодекстің 153-бабына сәйкес, мәміленің жай жазбаша нысаны сақталмаған жағдайда тараптар мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалғанын куәгерлердің айғақтарымен растау құқығынан айырылады. Бірақ олар жазбаша және куәгерлік айғақтардан өзге дәлелдерді ұсына алады. Мисалы, банк арқылы жасалған аударымдар, қолхаттар, электрондық хат-хабарлар және төлем туралы құжаттар сотқа дәлел ретінде ұсынылуы мүмкін. Дегенмен мұндай материалдардың іске қатыстылығы мен жеткіліктілігін сот нақты істің мән-жайына қарай бағалайды. Сондықтан мессенджердегі хат алмасу толыққанды жалдау шартының орнын барлық жағдайда алмастырады деуге болмайды.

Азаматтық кодекстің 543-бабында мүлікті жалға беру құқығы оның меншік иесіне тиесілі екені белгіленген. Сондай-ақ заңмен немесе меншік иесінің өзі өкілеттік берген адам жалға беруші бола алады. Сондықтан пәтерге ақша төлемес бұрын оны ұсынып отырған адамның жеке басын



және тұрғын үйге қатысты құқығын тексерген дұрыс. Егер пәтерді меншік иесі емес, оның өкілі тапсырып жатса, сол адамның тиісті өкілеттігін растайтын құжаты болуы керек. Бұл талап сақталмаса, азамат пәтерге ешқандай құқығы жоқ адамға алдын ала төлем немесе кепілдік төлем беріп қоюы ықтимал. Азаматтық кодекстің 542-бабына сәйкес, жалдау шартында жалға берілетін мүлікті нақты анықтауға мүмкіндік беретін деректер көрсетілуге тиіс. Сондықтан құжатта пәтердің толық мекенжайы, пәтер нөмірі және оны анықтауға қажетті басқа да мәліметтер жазылады. Пәтерді жалға беру кезінде меншік иесі алғашқы айдың ақысымен бірге кепілдік төлем сұрауы мүмкін. Бірақ ауызша келісім кезінде бұл ақшаның қандай мақсатпен алынғаны және қандай жағдайда қайтарылатыны нақты бекітілмей қалуы ықтимал. Сондықтан шартта кепілдік төлемнің мөлшерін, төленген күнін, оны қайтару мерзімін және қандай жағдайда қаражаттан белгілі бір сома ұсталатынын жазған дұрыс. Пәтерге немесе мүлікке зиян келді деген негізбен ақша ұсталатын болса, залалдың қандай құжаттармен расталатыны да алдын ала көрсетілгені жөн. Кепілдік төлем қолма-қол берілсе, жалға алушының қолхат алғаны дұрыс. Қолхатта ақшаны кімнің, кімнен, қандай мөлшерде және қандай мақсатпен алғаны, төлем жасалған күн мен тараптардың қолдары көрсетіледі.

Азаматтық кодекстің 546-бабына сәйкес, жалға алынған мүлікті пайдаланғаны үшін төлем шартта белгіленген тәртіп, мерзім және нысан бойынша төленеді. Сондықтан ай сайынғы жалдау ақысы, оны төлеу күні және төлем тәсілі шартта нақты көрсетілуі керек. Жалдау ақысын өзгерту тәртібін де алдын ала жазған жөн. Мысалы, пәтер иесі бағаның өзгеретіні туралы қанша уақыт бұрын хабарлауы керек және жаңа баға қандай тәртіппен келісілетіні шартта белгіленуі мүмкін. Жазбаша шарт болмаса, жалға алушы бұрынғы бағаның қандай болғанын және оның қанша мерзімге

келісілгенін дәлелдеуде қиындыққа тап болуы ықтимал. Ал үй иесі төлемнің кешіктірілгенін немесе толық төленбегенін дәлелдеуге мәжбүр болады.

ЖӨНДЕУГЕ КІМ ЖАУАПТЫ?

Азаматтық кодекстің 552-бабына сәйкес, егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе, жалға беруші күрделі жөндеуді өз есебінен жүргізуге міндетті. Жалға алушы жауап бермейтін жағдайларға байланысты шұғыл жөндеу қажет болса, оны да жалға беруші қисынды мерзімде өз есебінен жүргізеді. Ал кодекстің 553-бабында, егер шартта немесе заңда өзгеше белгіленбесе, жалға алушы мүлікті дұрыс күйде ұстауға, ағымдағы жөндеуді өз есебінен жүргізуге және оны күтіп ұстауға байланысты шығындарды көтеруге міндетті екені жазылған. Алайда күрделі және ағымдағы жөндеудің аражігі әр жағдайда дау тудыруы мүмкін. Сондықтан сантехника, тұрмыстық техника, жиһаз немесе инженерлік желі істен шыққан жағдайда шығынды кім өтейтіні шартта мүмкіндігінше анық жазылғаны дұрыс.

Пәтерді қабылдап алу кезінде тараптардың қабылдау-тапсыру актісін жасағаны жөн. Актіде жиһаз бен техниканың тізімі, олардың жағдайы, анықталған ақаулар, есептеу құралдарының көрсеткіштері және берілген кілттердің саны көрсетіледі. Қажет болған жағдайда актіге фотосуреттерді қоса тіркеуге болады.

ПӘТЕР САТЫЛСА, ЖАЛДАУ ШАРТЫ НЕ БОЛАДЫ?

Азаматтық кодекстің 559-бабына сәйкес, жалға берілген мүлікке меншік құқығының басқа адамға ауысуы жалдау шартын өзгертуге немесе бұзуға өздігінен негіз болмайды. Яғни, пәтердің сатылуы қолданыстағы жалдау шартын автоматты түрде тоқтатпайды. Дегенмен, жалға алушы

өзінің құқықтарын қорғау үшін шарттың барын, оның мерзімі мен талаптарын дәлелдей алуы керек. Сонымен қатар кемінде бір жылға берілген жалдау құқығы заң талаптарына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс.

ҚАНДАЙ ЖАЛДАУ ҚҰҚЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУГЕ ЖАТАДЫ?

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» заңның 5-бабына сәйкес, кемінде бір жыл мерзімге берілетін жылжымайтын мүлікті пайдалану құқығы, оның ішінде жалдау құқығы құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркеуге жатады. Яғни, дәл бір жылға немесе одан да ұзақ мерзімге берілетін жалдау құқығын мемлекеттік тіркеу қажет. Шартқа қол қою мен жалдау құқығын мемлекеттік тіркеу – мазмұны бөлек рәсімдер.

ШАРТТА НЕ ЖАЗЫЛУЫ КЕРЕК?

Жазбаша құжатта мына мәліметтерді көрсеткен дұрыс:

- тараптардың аты-жөні және жеке басын куәландыратын құжаттарының деректері;
- пәтердің толық мекенжайы;
- жалдау мерзімі;
- ай сайынғы төлем мөлшері мен төлеу күні;
- жалдау ақысын өзгерту тәртібі;
- кепілдік төлемнің мөлшері мен қайтару талаптары;
- коммуналдық төлемдерді кім өтейтіні;
- пәтерде тұратын адамдар туралы мәлімет;
- үй иесінің пәтерге келу және алдын ала ескерту тәртібі;
- ағымдағы және күрделі жөндеуге жауапты тарап;
- шартты мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі;
- пәтермен бірге берілетін жиһаз бен техниканың тізімі;
- тараптардың жауапкершілігі мен қолдары.

Шартты әр тарапқа бір-бір данадан дайындап, оған қабылдау-тапсыру актісін қосқан дұрыс. Төлемдерді банк арқылы жүргізу немесе қолхатпен растау да кейінгі даудың алдын алуға көмектеседі. Келісімшартсыз пәтер жалдау жалға алушыға ғана емес, тұрғын үй иесіне де қауіп төндіреді. Бір тарап кепілдік төлемін немесе баспананада тұру құқығын дәлелдей алмай қалса, екінші тарап жалдау ақысының төленбегенін немесе мүлікке келтірілген залалды растауда қиындыққа кездеседі. Сондықтан пәтерді беру немесе қабылдау кезінде ауызша уәдемен шектелмей, негізгі талаптарды жазбаша бекіткен дұрыс. Құжат тараптардың барлық дауын автоматты түрде шешпейді. Бірақ ол әр тараптың қандай міндет алғанын көрсететін негізгі құқықтық дәлелдердің бірі саналады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, әкімшілік әділеттің құрылуын тек бір немесе бірнеше мемлекеттік қайраткердің есімімен байланыстыру дұрыс болмас еді. Бұл концептуалдық тәсілдерді әзірлеуге, ӘРПҚ-ні дайындауға және сот ісін жүргізудің жаңа моделін енгізуге атсалысқан тұтас бір кәсіби команданың – судьялар мен сот жүйесі өкілдерінің, құқықтанушы-ғалымдардың, практик заңгерлердің, мемлекеттік орган қызметкерлерінің, Парламент депутаттарының және мемлекеттік қызметшілердің көп жылғы еңбегінің нәтижесі.

Дәл осы кәсібиліктің арқасында ӘРПҚ-де соттың белсенді рөлі, әкімшілік органның өз шешімінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеу міндеті, сондай-ақ азаматтар мен бизнестің бұзылған құқықтарын тиімді қалпына келтіру мүмкіндігі сияқты аса маңызды тетіктер бекітілді.

Әкімшілік әділет – бұл жай ғана жаңа процесстік кодекс емес және тек мамандандырылған соттар жүйесі емес. Оның артында мемлекет пен азамат құқықтық кеңістікте тең дәрежеде әрекет етуге тиіс, билік өз шешімдерін негіздеуге міндетті, ал сот бұзылған құқықтарды тиімді қорғауды қамтамасыз етуі керек деген жаңа тәсілдің негізін қалаған үлкен команда тұр.

Сондықтан, бүгінде бес жыл ішінде Қазақстандағы әкімшілік әділеттің дербес институт ретінде қалыптасып қана қоймай,

құқықты қалпына келтіру ретінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органның өзіне осындай шешімдер қабылдау практикасын өзгерту қажеттігі туралы белгі ретінде қарастырған жөн.

ӘРПҚ-ні бес жыл бойы қолдану барысында бұл тетік мемлекеттік органдардың қызметіне айтарлықтай ықпал етіп келеді. Олардың жұмыс істеу логикасының өзі біртіндеп өзгеруде: мемлекеттік орган өз шешімінің құқықтық негіздерін, жиналған мән-жайлардың толықтығын, әкімшілік рәсімнің сақталуын және шешімнің сотта тексерілу мүмкіндігін алдын ала бағалауға тиіс.

Жоғарғы Соттың 2026 жылғы 9 сәуірдегі нормативтік қаулысында соттардың жүргізілген әкімшілік



Аслан ТУКИЕВ, ҚР Жоғарғы Сотының Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІ ТЕК МЕМЛЕКЕТПЕН ДАУЛАСУ ТЕТІГІ ДЕП ҚАБЫЛДАУ ҚАТЕ

мемлекет пен азамат арасындағы өзара қарым-қатынас философиясының өзін өзгертуге ықпал еткен маңызды факторға айналғанын айтуға болады.

– *Әкімшілік соттардың жүктемесі қандай? Азаматтар қандай құрылымдардың жұмысына жеті шағымданады?*

– Әкімшілік талап қоюлардың саны жыл сайын артып келеді. Бұл әкімшілік соттарға түсетін жүктеменің артып отырығаны ғана емес, ең бастысы, азаматтар мен бизнестің осы институтқа деген сенімінің жоғарылағанын көрсетеді. Адамдар әкімшілік әділетті мемлекетпен өзара қарым-қатынаста өз құқықтарын қорғаудың нақты әрі тиімді тетігі ретінде қабылдайды.

Даулардың ең көп таралған санаттары мемлекеттік органдардың салық, жер, тұрғын үй салаларындағы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алулар саласындағы шешімдері мен әрекеттеріне байланысты. Бұл ретте даулардың санаттары өңірлерге қарай ерекшеленеді және заңнамадағы өзгерістер мен құқық қолдану практикасына байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Мемлекеттік сатып алулар саласындағы дауларды ерекше атап өткен жөн. Бизнес үшін бұл ең сезімтал салалардың бірі, өйткені тапсырыс берушілер мен уәкілетті органдардың шешімдері кәсіпкерлердің мемлекеттік сатып алуларға қатысу мүмкіндігіне және өздерінің экономикалық мүдделерін қорғауына тікелей ықпал етеді.

Мен әкімшілік талап қоюлар санының өсуін ғана жағымсыз әсер деп қарастырмам едім. Керісінше, әкімшілік әділеттің дамуының белгілі бір кезеңінде өтініштер санының артуы заңды құбылыс. Азаматтар өз құқықтары туралы көбірек біле бастайды, құқықтарын қорғаудың жаңа тетіктерін пайдалануды үйренеді, ал мемлекеттік органдар әкімшілік шешімдер қабылдаудың жаңа стандарттарына біртіндеп бейімделеді. Әкімшілік әділеттің басты жетістігі – азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың теңгерімін өзгертуінде болып табылады.

Бүгінде әкімшілік орган тек шешім қабылдап қана қоймай, оның заңдылығын, негізділігін және белгіленген рәсімге сәйкестігін дәлелдеуге дайын болуы тиіс. Егер сот заң бұзушылықты анықтаса, бұл нақты азаматтың немесе бизнестің бұзылған құқығын қалпына келтірумен ғана шектелмей, сондай-ақ осындай бұзушылыққа алып келген себептерді жоюға да ықпал етуі тиіс.

– *Жария-құқықтық дауларда көбінесе жеке және заңды тұлғалардың мүддесі қорғалып, талаптар қанағаттандырылып жатады. Ал мұндай шешімдердің мемлекеттік органдар жұмысын жақсартуға әсері бар ма?*

– Әрине, сөзсіз әсер етеді. Сот шешімдерінің ықпалы тек нақты азаматтың немесе бизнестің бұзылған құқығын қалпына келтірумен ғана шектелмейді, сонымен қатар мемлекеттік басқару сапасының біртіндеп өзгеруінен де көрінеді.

ӘРПҚ соттың ролін түбегейлі өзгертті. Сот әкімшілік актінің, мемлекеттік органның әрекетінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін белсенді түрде тексеруге көшті. Соттың белсенді рөлі қағидаттың сәйкес, сот әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызды бар барлық мән-жайларды өз бетінше зерттейді. Бұл ретте даулардың біркрат санаттары бойынша ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің заңдылығын дәлелдеу міндеті тікелей әкімшілік органға жүктелді.

Әкімшілік органның заң нормасына жай ғана формалды түрде сілтеме жасауы жеткіліксіз екенінің маңызы зор. Ол қабылданған шешімнің негіздемесін көрсетуге тиіс. Әкімшілік қалау құқығын жүзеге асыру кезінде сот сондай-ақ мөлшерлестік қағидатының сақталуын, яғни қабылданған шешімнің қойылған мақсатқа қаншалықты жарамды, қажетті және пропорционалды екенін тексереді.

Сондықтан, әкімшілік актіні немесе мемлекеттік органның әрекетін заңсыз деп таныған әрбір сот шешімін тек бұзылған

рәсімнің заңдылығы мен толықтығын тексеру қажеттігін жеке атап өтуі үлкен көрсеткіш. Қаулыда, сондай-ақ соттың әкімшілік актідегі олқылықтардың орнын толтыруына және мемлекеттік органның сотта әкімшілік актінің өзінде болмаған жаңа негіздемелерді ұсынуына жол берілмейтініне назар аударылған.

Алайда, мемлекеттік басқару сапасын жүйелі түрде арттыру үшін тек сот бақылауының өзі жеткілікті деп айта алмаймын. Құқық бұзушылықтардың алдын алудың ішкі тетіктерін де дамыту, лауазымды тұлғалардың біліктілігін арттыру, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру, қабылданатын шешімдерге ведомстволық және заңдық бақылауды күшейту қажет.

Әкімшілік актілердің сапасына ерекше назар аударған жөн. Мемлекеттік органдардың заң қызметтері қабылданып қойған шешімді сүйемелдеумен ғана шектелмеуі тиіс, оны әзірлеудің бастапқы кезеңіне қатысып, құқықтық тәуекелдерді анықтап, шешімнің ӘРПҚ талаптарына сәйкестігін бағалауы қажет.

Әкімшілік әділеттің тиімділігі мемлекеттің мүмкіндігінше көп істен жеңілуінде емес. Керісінше, оның міндеті – заңсыз және негізсіз шешімдердің санын азайтуға қол жеткізу болып табылады. Егер сот шешімі мемлекеттік органның практикасын өзгертуге және болашақта ұқсас құқық бұзушылықтардың туындауына жол бермеуге ықпал етсе, онда әкімшілік әділет тек құқық қорғау ғана емес, сонымен бірге маңызды профилактикалық функцияны да атқарып отыр деген сөз.

– *Сіздіңше дәл қазір ӘРПҚ-ге қандай өзгеріс енгізу керек?*

– Қазақстандағы әкімшілік сот ісін жүргізудің дамуы – жария-құқықтық дауларды дестүрлі азаматтық процесс шеңберінде қараудан әкімшілік әділеттің дербес моделін қалыптастыруға дейін елеулі жолдан өтті. Бүгінде ӘРПҚ енгізілгеніне бес жыл өткен соң реформаның нәтижелерін ғана емес, одан әрі жетілдіруді қажет ететін мәселелерді де бағалауға болады.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің дербес жүйесін құру әрекеті 2009 жылы да жасалған болатын. Сол кезде Үкімет Мәжіліске Әкімшілік процесстік кодекстің жобасын енгізді, алайда кейін ол кері қайтарылды. Жоба әкімшілік дауларды да, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді де реттеуді көздеді.

Жаңа кезең Президенттің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында берген тапсырмасынан кейін басталды. Ғылыми қоғамдастықтың, судьялар корпусының, депутаттардың, әділет органдары мен басқа да мемлекеттік органдар мамандарының ауқымды жұмысының нәтижесінде 2020 жылы 29 маусымда ӘРПҚ қабылданып, 2021 жылы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Жаңа модельді әзірлеу кезінде халықаралық тәжірибе, оның ішінде Германияның әкімшілік әділет моделі ескерілді. Сонымен қатар судьялар корпусын даярлау және мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарды құру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. 2021 жылы Қазақстанда 21 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот құрылды.

Өткен бес жыл ішінде ӘРПҚ бірнеше рет жетілдірілді. Соңғы маңызды бағыттардың бірі – 2024 жылы бірінғай әкімшілік практиканы қалыптастыру міндеті мен әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің бірізділігі қағидатын заңнамалық тұрғыдан бекіту болды. ӘРПҚ-нің 15-1-бабында әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру кезінде ұқсас мәселелер бойынша бұрын қабылданған әкімшілік актілер ескерілуіне тиіс екені, ал әкімшілік органдар практиканы бірізділігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға тиіс екені көзделген.

Әкімшілік әділетті жетілдірудің қазіргі кезеңде іске асырылған тағы бір бағыты – эксаумактық соттылықты енгізу болды. Бұл талап қоюшыға мемлекеттік органның орналасқан жеріне байланыстырмай, өз таңдауы бойынша басқа өңірдің соты-

Әкімшілік әділеттің тиімділігі мемлекеттің мүмкіндігінше көп істен жеңілуінде емес. Керісінше, оның міндеті – заңсыз және негізсіз шешімдердің санын азайтуға қол жеткізу болып табылады. Егер сот шешімі мемлекеттік органның практикасын өзгертуге және болашақта ұқсас құқық бұзушылықтардың туындауына жол бермеуге ықпал етсе, онда әкімшілік әділет тек құқық қорғау ғана емес, сонымен бірге маңызды профилактикалық функцияны да атқарып отыр деген сөз.

на талап қоюға мүмкіндік беретін тетік. Бұл – жергілікті әкімшілік органның істі қарауға ықпал ету тәуекелдерін төмендетіп тиімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрал.

Сонымен бірге, менің ойымша, бүгінде негізгі міндет жаңа институттарды құруда емес, қолданыстағы тетіктердің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, практика барысында анықталған олқылықтарды нысаналы түрде жоюда.

Біріншіден, әкімшілік шарт институтын одан әрі дамыту қажет. Мемлекеттік басқару саласында біржақты әкімшілік акт моделіне толықтай сыймайтын қатынастардың едәуір ауқымы бар. Сондықтан әкімшілік шарттарды жасасу жағдайларын, олардың мазмұнын, әкімшілік органның қалауы шектерін және сот арқылы қорғау тәсілдерін неғұрлым нақты айқындау қажет.

Екіншіден, әкімшілік істер бойынша сот шешімдерін орындау мәселелері одан әрі назар аударуды талап етеді. Бүгінде ӘРПҚ шешімдердің орындалуына арнайы сот бақылауын, оның ішінде оларды орындамағаны үшін жауапкерге акшалай өндіріп алу шараларын қолдану мүмкіндігін көздейді. Алайда, әкімшілік әділеттің тиімділігі соттың дауды қаншалықты сапалы қарағанымен ғана емес, мемлекеттік органның сот шешімін қаншалықты жедел әрі толық орындағанымен де айқындалады.

Үшіншіден, бірінғай әкімшілік практиканы қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Ұқсас құқықтық жағдайда тұрған азаматтың мемлекеттік органдармен ұқсас шешім күтуі маңызды. Сондықтан ӘРПҚ-нің 15-1-бабының бекітілуін реформаны одан әрі дамытудың ең маңызды кезеңдерінің бірі деп санаймын. 2025 жылы Үкімет әкімшілік рәсімдердің бірізділігін қалыптастырудың арнайы қағидаларын бекітті. Бұл аталған бағыттың заңнамалық қана емес, ұйымдастырушылық негізін де қалыптастырады.

Әкімшілік органдардың өздерімен жұмысты да жалғастыру қажет. Әкімшілік әділетті тек азаматтық мемлекетпен дауласа алатын тетігі ретінде қабылдауға болмайды. Оның түпкі мақсаты әлдеқайда кең – заңсыз және негізсіз шешімдердің саны біртіндеп азаятындай мемлекеттік басқарудың сапасына қол жеткізу. Бүгінде ӘРПҚ-ні үнемі өзгерте беруге емес, оның толыққанды іске асырылуын қамтамасыз ету және бес жылдық практика барысында проблемалары анықталған институттарды нысаналы түрде жетілдіру маңызды. Жаксы процесстік заң құқық қолдану практикасымен бірге дамуға тиіс. Әкімшілік реформаның келесі кезеңін мен дәл осы бағыттан көремін.

– *Әкімшілік соттарға жүзінген азаматтар қандай қателіктерге жеті жол береді?*

– Көбіне кездесетін қателердің бірнеше түрі бар.

Бірінші топқа техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы қателер жатады: деректердің қате көрсетілуі, соттың дұрыс анықталмауы, талап қоюды рәсімдеу кезіндегі дәлсіздіктер. Соңғы жылдары бұл бағытта «Сот кабинеті» жүйесі айтарлықтай дамыды: жүйе азаматтар үшін анағұрлым ыңғайлы әрі түсінікті бола тұсы-

де. Сот әкімшілігі бұл мәселеге үлкен көңіл бөліп келеді, осы жұмысы үшін судьялар атынан алғысымызды білдіргім келеді.

Алайда, әлдеқайда күрделі мәселе даудың табиғаты мен оның соттылығын дұрыс айқындау практикасы. Азамат жауапкер мемлекеттік орган болған жағдайда, онымен туындаған кез келген дау автоматты түрде әкімшілік дау болып табылады деп есептеуі мүмкін. Бұл олай емес. Соттылықты анықтау үшін, ең алдымен, құқықтық қатынастардың сипатын, даудың нысанасын және әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке немесе әрекетсіздікке дау айтылып отырғанын анықтау қажет.

Мұндай қателерді азаматтар ғана емес, кейде кәсіби заңгерлер де жібереді. Бұл әсіресе инвестициялық дауларда айқын көрінеді. Мемлекеттік органның дауға қатысуының өзі істің әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға тиіс екенін білдірмейді. Мысалы, егер инвестициялық дау шарттық құқықтық қатынастардан туындаса және инвестициялық шартты жасасуға, өзгертуге, бұзуға немесе орындауға байланысты болса, ол Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының соттылығына жатады. Ал инвесторлардың заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдардың әкімшілік актілеріне, әкімшілік әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне дау айтуға қатысты даулары әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралады. Дәл осындай айырмашылықтар

тілерді ескеруді және әкімшілік практика-

ның бірізділігін қамтамасыз етуді көздейді. Осы норманы іске асыру мақсатында Үкіметтің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 111 қаулысымен әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің бірізділігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілді.

Бүгінде, бізде нақты істер бойынша қалыптасқан сот практикасы ғана емес, сот практикасының да, әкімшілік практиканың да бірізділігін қалыптастыруға бағытталған нормативтік тетіктер бар.

Азаматтардың судьялардың қызметіне қатысты шағымдарына келетін болсақ, мұндай өтініштер, әрине, түсіп тұрады. Алайда бұл жерде сот шешімімен келіспеушілікті судьяның құқыққа қайшы әрекеттеріне қатысты шағымнан ажырата білу маңызды. Шағымның берілу фактісінің өзі судья тарапынан құқық бұзушылық жасалды дегенді білдірмейді. Егер азамат сот актісінің заңдылығымен немесе негізділігімен келіспесе, оны апелляциялық немесе кассациялық тәртіппен шағымданудың белгіленген процесстік тәртібі бар.

Судьяның әрекетіне берілетін шағым мен сот шешіміне берілетін шағым – әртүрлі құқықтық тетіктер. Біріншісі, судьяның мінез-құлқын және оның судьяға қойылатын талаптарды сақтауын бағалауға байланысты болса, екіншісі, нақты сот актісінің заңдылығы мен негізділігін тексеруге бағытталған. Сондықтан қазіргі кезеңді былай сипаттар едім: әкімшілік әділеттің негізгі тәсілдері қалыптасты, практиканың едәуір бөлігі бірізді сипатқа ие болды, алайда оның дамуы әлі де жалғасуда. Бұл – кез келген жаңа институт үшін қалыпты процесс. Практика біртіндеп заңнаманы нақтылайды, ал заңнама, өз кезегінде, құқық қолдану барысында анықталған мәселелерге жауап береді.

– *Әкімшілік әділет институтын жандандыру үшін алдағы уақытта қандай жұмыстарды қолға алу керек деп ойлайсыз?*

– Ең алдымен, мемлекеттік органдардың әкімшілік рәсімдері мен шешімдерінің сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Әкімшілік әділеттің мәні тек туындаған дауды тиімді шешуде ғана емес, осындай даулардың туындауына жол бермеуде де жатыр. Сондықтан мемлекеттік орган әкімшілік рәсімді толыққанды құқықтық процесс ретінде, ал қабылданатын әкімшілік актіні заңды, негізді, уәжді және мөлшерлес болуға тиіс шешім ретінде қарастыруы қажет.

Маңызды бағыттардың бірі – бірінғай әкімшілік практиканы одан әрі қалыптастыру болып табылады. ӘРПҚ-де тиісті ережелердің бекітілуі және әкімшілік рәсімдердің бірізділігін қалыптастыру қағидаларының қабылдануы осы жұмыстың қажетті негізін қалады. Келесі кезең – осы тетіктерді барлық әкімшілік органдардың іс жүзінде қолдануын қамтамасыз ету. Сонда бірдей құқықтық жағдайларда азаматтар мен бизнес мемлекет тарапынан дәйекті әрі болжамды шешімдер қабылданынына сенім арта алады.

Әкімшілік әділеттің қолданылу аясын одан әрі кеңейтуді де оң бағалаймын. 2025 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының № 241-VIII заңы осы бағыттағы маңызды кезең болды. Атап айтқанда, жария-құқықтық даулардың жаңа санаттары әкімшілік сот ісін жүргізуге берілді, оның ішінде заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына дау айту туралы істер де бар. Сондай-ақ азаматтық хал актілеріне байланысты жекелеген санаттағы даулар бойынша әкімшілік сот ісін жүргізуді қолдану мүмкіндіктері кеңейтілді.

Алайда, әкімшілік әділеттің қолданылу аясын кеңейту өздігінен мақсат болмауға тиіс. Ең бастысы даулардың жаңа санаттары ӘРПҚ бастапқыда негізделген сол философияға: адам құқықтарын қорғаудың басымдығы, соттың белсенді рөлі, процесс қатысушыларының теңдігі және мемлекеттің қызметіне тиімді сот бақылауына сәйкес қаралуын қамтамасыз ету.

Менің ойымша, әкімшілік құқықтың жекелеген институттары да одан әрі заңнамалық тұрғыдан дамытуды қажет етеді. Атап айтқанда, әкімшілік шарт институты бойынша жұмысты жалғастыру, заңсыз және жарамсыз әкімшілік актілердің құқықтық салдарын неғұрлым нақты реттеу, азаматтардың мемлекеттің шешімдері мен уәделеріне деген сенімін қорғау, сондай-ақ сот шешімдерін орындау тетіктерін жетілдіру қажет.

Әкімшілік соттар судьяларының кәсіби даярлығын арттыру жеке бағыт болып табылады. Бұл жұмыста тек судьялар корпусымен шектелуге болмайды. Мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік органдардың заң қызметкерлерін даярлау да маңызды бағыттардың бірі. Егер әкімшілік орган әкімшілік рәсімді сапалы жүргізіп, уәжді шешімдер қабылдауды үйренсе, сот дауларының саны объективті түрде азаяды.

Тағы бір маңызды міндет – әкімшілік әділеттің қолжетімділігін одан әрі арттыру. Цифрлық құралдар азаматқа талап қоюды беруге ғана емес, оның құқығын қорғаудың қандай тәсілі тиісті болып табылатынын, дауды қай соттың қарауға құзыретті екенін және қандай мән-жайларды дәлелдеу қажет екенін түсінуге де көмектесуге тиіс.

Мемлекеттік аппараттың жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты да жалғастыру қажет. Мемлекеттік орган сотта жеңілген дауды тек нақты сот шешімін орындау қажеттілігі ретінде қабылдамауы тиіс. Егер сот әкімшілік практикадағы жүйелі қатені анықтаса, тиісті орган осы қатені себептерін талдап, құқық бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу үшін шаралар қабылдауы қажет.

– *Уақыт тауып ой бөлсеңізге рақмет!*

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Зан газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал 2004 жылдың қыркүйек айында Сот төрелігін жүзеге асырудағы табыстары, судьялар қауымдастығын нығайтудағы белсенді қызметі және сот қызметін ұйымдастыру мен жетілдірудегі елеулі еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Судьялар одағының «Үш би» құрмет белгісімен марапатталған. Бұдан бөлек И.Әміров «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальдарының иегері. Бұдан бөлек ғұмырын сот жүйесіне арнаған Иран Әміровке «Құрмет» және «Парасат» ордені, сонымен қатар ТМД-ның Парламентаралық ассамблеясының «Содружество» ордені табыс етілген.

Ақтөбе облыстық сотына Иран Әмірұлының қосқан үлесі орасан зор. 2012 жылы ҚР Жоғарғы Сотының бастамасымен Ақтөбе облыстық сотының ғимараты толықтай жөндеуден өткізіліп, жаңа ғимарат бой түзеді. Сол ғимараттың бесінші қабатында Ақтөбе облыстық сотының мұражайы қалыптасты. Ол Ақтөбе облыстық сотының 80 жылдығына орай ашылған болатын. «Елу жылда ел жаңа» демекші 1932 жылы негізі қаланған Ақтөбе облыстық сотына биыл 94 жыл толып отыр.

Ақтөбе облыстық сотының қалыптасу тарихы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу кезеңімен тікелей байланысты. Осы музейде Иран Әмірұлына арнайы бұрыш жасакталған. Онда ардагер судьяның жұмыс үстелінен алынған құралдары мен «Үш би» монументінің ашылу салтанатынан алынған фотолары бар альбом қойылған. Сол кездегі облыстық соттың судьялар құрамының суреті мен құжаттары да жинақталып мүйістің мазмұнын ашып тұр. Сонымен қатар, ағамыз бұқаралық ақпарат құралдарымен де тығыз байланыс орнатып, халыққа да, тілшілерге де ашық болды. Әрі өзі де саланы дамытуға, сот жүйесін ілгерілетуге қатысты ойларын қағазға түсіріп, көпшілік талқысына салуды дәстүрге айналдырған. Музейдегі бұрыштан орын тиген республикалық «Заңгер» журналының 2004 жылғы тамыздағы №8 нөмірінде Иран Әміровтің 60 жылдығына орай шығарылған «Мое счастье, моя жизнь – это суд» атаулы мақала жарық көрген. Бұл мақала Әміровтің өмір жолы, еңбегі туралы жазылған қарапайым мақала емес, ардагер судьяға сөзбен қойылған ескерткіш іспеттес.

Иран Әмірұлы 1994 жылдан бастап 2004 жылға дейін Ақтөбе облыстық сотының төрағасы болды. Осы кездегі оның жоғары ұйымдастырушылық қабілетін Әділет министрі, құқық реформаторы Нағашыбай Шайкеновтің өзі байқаған. Иран Әмірұлының кезінде жалпы юрисдикция соттары мен арбитраждық соттардың бірігуі орын алды. Одан кейін мамандандырылған экономикалық сот құрылды. Сондай-ақ үнемі ізденісте, жақсы істердің басында жүретін төрағаның мұрындық болуымен облыстық соттың ғимаратында қазақтың «Үш биі» монументі орын тепті. Төле, Әйтеке, Қазыбек билердің құрметіне арналған монументті ақтөбелік скульптор, Жастар сыйлығының лауреаты Марат Габдрахманов жасаған еді.

Бұл монументтің ашылуына ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігінің басшысы З.Мақашев, ҚР Судьялар одағы орталық кеңесінің төрағасы – Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Б.Тұрғарасев, пен көптеген облыстық сот төрағалары қатысқан болатын.

2019 жылдың 4 мамырында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру аясында Ақтөбе облыстық сотының сот отыры-



Әлібек АХМЕТОВ, Ақтөбе облыстық сотының төрағасы:

атымен аталуы сол аяулы ақиқат алдаспандарына деген құрмет қана емес, олардың есімін ел есінде қалдырудың таптырмас тәсілі.

Билер сотының дәстүрін қазіргі кезеңде ұрпақтар сабақтастығы қағидатымен жалғастыра отырып, облыстың сот жүйесін дамытуға және судья кадрларын тәрбиелеуге Ақтөбе облыстық сотының бұрынғы төрағалары Қаракойшы Сахипов, Қойшы Кейкин, Иран Әміров ерекше үлес қосты. Соған орай 3 сот отырысы залы олардың есімдерімен аталып келеді.

қайраткерінің құрметіне ұйымдастырылған шараға сот жүйесінің ардагерлері, облыстық және қалалық соттардың төрағалары, Ақтөбе қаласының әкімі М.Абдуллин және Иран Әмірұлының туыстары мен бұрынғы әріптестері қатысты. Жиналған қонақтар бұрынғы ардагер судья, мықты төрағаға арнаған жылы лебізге толы естеліктерін ортаға салып, оның кәсіби және адами қасиеттерін ерекше атап өтті.

Жақсының аты өлмейді демекші халық игілігі жолында жасалған істердің ел есінде тұратынын Иран Әміровке деген құрметтен бағамдау қиын емес. Соның дәлелі 2025 жылдың 7 қыркүйегінде Ақтөбе қаласында сот жүйесінің ардагері, ардақты заңгер Иран Әміровке бір көшенің атын беру туралы салтанатты іс-шара өтті. Оған Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір, Ақтөбе облыстық соты-

лар одағының төрағасы Досжан Әмір мен сот және әділет саласының ардагері Серожатдин Барышевке берілді.

Осы маңызды шарада сөз алуған Досжан Әмір: «Иран Әмірұлы – тек кәсіби маман ғана емес, адалдық пен намыстың үлгісі болды. Бұл оқиға сот жүйесінің бүкіл құрамы үшін ерекше мәнге ие, біз әділеттің синонимі атанған тұлғаны еске алудамыз», – деп бағалаған болатын.

Ардагердің әріптестері мен туыстары да алғыс сөздер айтып, бұл қадамның отбасы мен құқықтық қауымдастық үшін маңыздылығын атап өтті. Расында көшеге Иран Әміровтің есімін беру оның жеке еңбегін танудың ғана емес, заң мен әділеттілік сақшыларына құрмет білдірудің де көрінісі болып табылады. Іс-шара көше бойында орнатылған тактайшаға гүл шоғын қоюмен жалғасқан болатын.

Иран Әміров өмірін заңға арнап, әріптестерінің құрметіне және азаматтардың алғысына ие болды. Оның есімі қала тарихында ғана емес, бүкіл сот жүйесінің тарихында әділеттілік, намыс пен жоғары жауапкершіліктің символы ретінде мәңгі сақталады.

И.Әміров өзіне жүктелген істі аса жауапкершілікпен атқарды. Сот әділдігі мен туралықты ұштастырып, құқықтық біліктілігі мен ұстамды адами қасиетінің, ішкі сенімі мен ар-ожданының тазалығымен дараланған тұлға. Сот жүйесінде қызмет еткен жылдары жан-жақтылығы, іске тындырымдылығы, бірсөзділігі арқылы талай дауды оңынан шешіп, ел арасында тура билік айта алатын судья екендігін көрсетті, әділдігімен, сыпайы-сабырлылығымен көзге түсіп, облыс халқының ризашылығына бөленді.

Ақтөбе облыстық сотының төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметін мынасыз атқарған Иран Әміровке ұзақ жылдар бойы Ақтөбе облысында адал, әділ қызмет атқарғанын ескеріп, Ақтөбе облысының дамуына және сот беделін арттыруға қосқан орасан еңбегін дәріптеу мақсатында жергілікті атқарушы орган шешімімен «Ақтөбе облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Ол өзінің өмір жолында жауапкершілік жүгін абыроймен көтеріп, игі істердің бастамашысы болып, заң саласындағы үлгі тұтар азаматтардың бірегейі ретінде танылды. Оның ерен еңбегі мен абыройлы қызметі, ой өрісі, адами қасиеттері талай биіктерге жетелегені сөзсіз.

Бүгінгі күні Иран Әмірұлының жұбайы Бану Қожахметқызы халықтың ұлына айналған азаматының мұрасын жинақтап, тағылымын дәріптеп жүрсе, екі қызы Ләззат пен Жанат, ұлы Ғани әкесінің ізін қуып, заң саласында абыройлы қызмет етіп келеді.

Осындай елдің ұйытқысы бола білген ағамыздың атқарған істері, жасаған жұмыстары ешқашан ұмытылмайды.

сы залдарына билердің және облыстық соттың бұрынғы төрағаларының есімдерін беру жөніндегі салтанатты іс-шара өткізілді. Мұндай шешімнің қабылдануы «Билер сотын» ұлттық құндылық ретінде насихаттауға, сондай-ақ ардагерлердің облыстық сот жүйесін дамытуға қосқан баға жетпес үлесін ұлықтауға негізделген.

Іс-шараның құрметті меймандарының қатарында сот жүйесінің ардагерлерімен бірге облыс әкімі О.Оразалин, қала әкімі І.Испанов және облыстың құқық қорғау органдарының басшылары болды.

Кезінде жергілікті халық жер, мүліктік және басқа да дауларды шешу үшін билерге жүгінген. Олардың шешімдері мызғымас логикасымен, әділдігімен ерекшеленіп, қазақтардың әдет-ғұрып құқығының нормаларына негізделген. Сондықтан облыстық соттың сот отырысы залдарының белгілі жергілікті билер – Мөңке би, Шеген би, Былшық би және Ермембет бидің



2019 жылдың 28 қыркүйегінде Ақтөбе облыстық соты ғимаратының алдында облыстық соттың бұрынғы төрағасы Иран Әмірұлы Әміровтің құрметіне арналған мемориалдық тақтаның ашылу салтанаты өтті. Мемлекеттік және қоғам

ның төрағасы Айдар Смағұлов, Ақтөбе қаласының әкімі Азамат Бекет, қалалық соттардың төрағалары мен судьялары, сондай-ақ Иран Әміровтің әріптестері, туыстары мен жақындары қатысты. Мемориалдық тақтаны ашу құрметі Судья-



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

КИБЕРМӘДЕНИЕТ – ҚАУІПСІЗ ЦИФРЛЫҚ ОРТАНЫҢ НЕГІЗІ

Бүгінде цифрлық технологиялардың күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналғаны жасырын емес. Мемлекеттік қызметтерді онлайн алу, банк операцияларын жасау, білім алу, жұмыс істеу және ақпарат алмасу сияқты көптеген үдеріс ендігі кезекте цифрлық орта арқылы көзді ашып-жұмғанша жүзеге асырылатын болды.



Осыған байланысты ақпараттық қауіпсіздік талаптарын білу және кибергигиена қағидаларын сақтау әр азамат үшін аса маңызды қажеттілікке айналды десек артық айтпаспыз. Бұл орайда киберқауіпсіздік мәдениетіне де баса назар аудару күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Осы мақсатта шаһардың жоғары оқу орындары, мектептері мен колледждерінде түсіндіру және ақпараттандыру бағытындағы іс-шаралар өткізілуде.

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сәйкес, қыркүйек айы «Кибермәдениет айы» деп белгіленген. Осы бағытта азаматтардың кибергигиенасы мен ақпараттық қауіпсіздігін арттыруға арналған ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары еліміздің барлық аймағында ұйымдастырылуда.

Шымкент қаласының цифрландыру басқармасы мұрындық болған осындай іргелі шаралардың бірі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде өткізілді. Жоғары оқу орнының білім алушылары, оқытушылары мен қызметкерлері қатысқан шара барысында цифрлық ортадағы қауіпсіздік, киберқауіптердің алдын алу және интернетті қауіпсіз пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Кездесуде дербес деректерді қорғау, фишингтік шабуылдардан сақтану, күмәнді сілтемелер мен файлдарды ашпау, күрделі құпиясөздерді пайдалану, аккаунттарды қорғау және цифрлық ортада қауіпсіз мінез-құлық сақтау жөнінде нақты түсіндірмелер берілді. Шымкент қаласының цифрландыру басқармасы басшысының орынбасары Ернұр Қырғызбаев ақпараттық қауіпсіздік тек IT мамандарының міндеті емес екенін атап өтті.

Бүгінде жұмысымыздың да, күнделікті өміріміздің де басым бөлігі цифрлық ортаға ауысты. Сондықтан ақпараттық жүйелерді, дербес және қызметтік ақпаратты қорғау әрқайсысымыз үшін аса маңызды. Кибергигиена талаптарын бір реттік әрекет ретінде емес, күнделікті әдетке айналдыруымыз қажет, – дейді басқарма басшысының орынбасары Ернұр Серперұлы.

Іс-шара барысында кибергигиена-

кіндік. Бірақ оны қолдану кезінде қауіпсіздік талаптарын ұмытпауымыз керек. Қызметтік, құпия немесе дербес ақпаратты ашық жасанды интелект сервистеріне жүктеуге болмайды. Сонымен қатар жасанды интелект ұсынған ақпараттың дұрыстығын міндетті түрде қайта тексеру қажет», – деп атап өтті басқарма басшысының орынбасары.

Жалпы, интернет-алаяқтықтың алдын алу мәселесінің өзектілігін қаладағы нақты статистика да айқын көрсетеді. Жылдың сегіз айының қорытындысы бойынша Шымкентте интернет-алаяқтыққа қатысты 363 қылмыстық іс тіркелген. Оның 155-і ашылып, 219 қылмыстық іс ашылмаған. Қылмыстардың ашылу көрсеткіші 41,6 пайызды құрап отыр. Бұл цифрлардың өзі интернет кеңістігіндегі қауіп-қатердің ауқымын аңғартып, азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру мен киберқауіпсіздік мәде-



ның негізгі талаптарына да кеңінен тоқталды. Мамандар әр аккаунтқа жеке әрі күрделі құпиясөз қолдануға, парольді кемінде 12 таңбадан құрастыруға, үлкен және кіші әріптерді, сандар мен арнайы белгілерді пайдалануға, сондай-ақ мүмкіндігінше екі факторлы аутентификацияны қосуға кеңес берді.

Сонымен қатар бейтаныс адамдардан келген хаттар мен хабарламаларды ашпау, күмәнді сілтемелерге өтпеу және белгісіз файлдарды жүктемеу қажеттігі түсіндірілді. Антивирустық бағдарламалар мен операциялық жүйені уақытылы жаңартып отырудың да маңызы айтылды.

Киберқауіптердің ішінде фишингке ерекше назар аудару қажет. Алаяқтар жалған хат, хабарлама немесе сайт арқылы азаматтардың парольдерін, банк деректерін және басқа да құпия ақпаратын алуға тырысады. Сондықтан кез келген күмәнді хабарламаны асықпай тексеріп, жіберушінің мекенжайына және сілтеменің дұрыстығына назар аудару қажет, – дейді Ернұр Қырғызбаев.

Оқу орнында өткізілген ақпараттық-түсіндіру барысында жасанды интелект технологияларын пайдалану кезіндегі қауіптер де сөз болды. Қатысушыларға deepfake, жасанды интелект көмегімен жасалған фишинг және жалған ақпарат тарату сияқты қауіптер түсіндірілді.

«Жасанды интелект – үлкен мүм-

ниетін қалыптастыру бағытындағы түсіндіру жұмыстарының қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Сондықтан ақпараттық-түсіндіру барысында интернет желісінде жиі кездесетін киберқауіптерді дер кезінде анықтау және олардан қорғану бойынша практикалық ұсынымдарға ерекше мән берілді. Әсіресе жеке деректерді бөгде адамдарға бермеу, банк картасының мәліметтері мен SMS арқылы келетін растау кодтарын ешкімге айтпау қажеттігі ескертілді.

«Кибермәдениет айы» аясында өткізілген мұндай кездесулердің басты мақсаты – азаматтарға қауіптің түрлерін айтып қана қою емес, оны алдын ала танып, дұрыс әрекет ету дағдысын қалыптастыру. Сондықтан кибермәдениет – бір айға ғана арналған науқан емес, ол күнделікті өмірде қалыптасатын қауіпсіздік дағдысына айналуы тиіс. Дербес деректерді қорғау, күрделі құпиясөз қолдану, күмәнді сілтемелерден бас тарту, бөгде адамдарға SMS-кодтар мен банк мәліметтерін бермеу және алынған ақпаратты тексеру әр адамның тұрақты әдетіне айналуы қажет.

Қауіпсіз цифрлық орта – заманауи технологиядан ғана емес, сол технологияны сауатты әрі жауапкершілікпен пайдаланатын азаматтан басталатынын ескерген жөн.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

МЕНИҢ ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕМ

ҚР тіл туралы заңнамасы ел Конституциясына негізделеді. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңға сәйкес мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Тіл – халқымыздың тәуелсіздігі мен ұлттық мәртебесінің маңызды белгісі.

Мемлекеттік тілді білу және оның қолданылу аясын кеңейту – әрбір азаматтың ел болашағына қосқан үлесі. Қазақ тілінің мәртебесі биік болуы үшін оны тек ресми ортада

ғана емес, күнделікті өмірде, отбасында, білім беру саласында және қоғамдық ортада кеңінен қолдануымыз қажет.

Тіл – кез келген халықтың ұлттық ерекшелігін айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Қазақ халқы үшін ана тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттың рухын сақтайтын алтын арқау. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мақал-мәтелдеріміз, жыр-дастандарымыз, шешендік сөздеріміз бен әдеби мұраларымыз қазақ тілінің қанша-

лықты бай әрі көркем екенін көрсетеді. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды.

«Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» деген сөздің астарында үлкен мән бар. Сондықтан ана тілімізді сақтау, оны құрметтеу – баршамызға ортақ міндет.

Жәнібек СЕЙТЖАПАРОВ,
Ақтөбе облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

ПӘРМЕН



ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ БАР

Қоғамдағы қауіпсіздік пен тұрақтылықтың негізі – заңға құрмет пен тәртіпті сақтаудан басталады. Осы бағытта Шымкент қаласында «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және тұрғындардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте полиция қызметкерлері тек құқық бұзушылықтың салдарымен күресіп қана қоймай, оның алдын алуға, азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға және қала тұрғындары арасында заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыруға басымдық беріп отыр.

Соның бір айғағы – есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы және олардың жарнамасының алдын алуға бағытталған. Ауқымды шараға мемлекеттік органдардың өкілдерімен қатар полиция қызметкерлері, жастар, еріктілер, қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарды қоса алғанда, 3 мыңға жуық адам қатысты.

Саптық жиыннан кейін қатысушылар қаланың бес ауданына бөлініп, полиция қызметкерлерімен бірлесіп белгіленген аумақтарды аралап, тексеру жұмыстарын жүргізді. Нәтижесі аса күрделі. Тұрғын үйлердің қабырғалары, қоршаулар мен өзге де нысандардан есірткіні насихаттайтын 500-ден астам заңсыз жазба анықталып, жойылды. Полиция мұндай жұмыстардың маңызы ерекше екенін айтады.

– Есірткі жарнамасының кез келген түрі, әсіресе жастар көп шоғырланатын ортада таралатын заңсыз ақпарат қоғамға қауіп төндіреді. Сондықтан оны дер кезінде анықтап, жою – құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті, – деді Шымкент қаласы полиция департаменті өкілі.

Бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстар жастардың есірткінің зияны туралы түсінігін қалыптастырып, қауіпті әдеттердің таралуына тосқауыл қоюға мүмкіндік береді.



Қаланың қауіпсіздігі мен тазалығы да қоғамдық тәртіптің ажырамас бөлігі. Осыған байланысты Шымкентте абаттандыру талаптарының сақталуына бақылау қушайтылған. Бейнебақылау жүйелерімен қатар, заманауи технологиялардың бірі – дрондар да тиімді пайдаланылуда.

Кезекті бақылау барысында белгіленбеген жерге қоқыс тастаған КамАЗ жүргізушісі дронның көмегімен анықталды. Заң талаптарын бұзған жүргізуші жауапкершілікке тартылып, автокөлігі арнайы айып тұрағына қойылды. Полиция қызметкерлері шара қолданғаннан кейін жүргізуші өзі тастаған қоқысты жинап, аумақты толық тазалап, тәртіпті қалпына келтірді.

Бұл жағдай қарапайым ғана құқық бұзушылық сияқты көрінгенімен, оның астарында үлкен қоғамдық мәселе жатыр. Қаланың тазалығы – ең алдымен әр тұрғынның өзіне байланысты. Белгіленбеген жерге қоқыс тастау қоршаған ортаға зиян келтіріп қана қоймай, шаһардың санитарлық жағдайы мен сыртқы келбетіне де кері әсер етеді. Сондықтан тазалық талаптарын сақтау – заңға бағынудың және өз қаласына деген жауапкершіліктің көрінісі.

Шымкент қаласында жыл басынан бері қаланың тазалығы мен сыртқы келбетіне, экологиясына және имиджіне кері әсер ететін 30 мыңнан астам құқық бұзушылықтың жолы кесілген. Бұл көрсеткіш қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстардың ауқымын аңғартады.

Бүгінде құқық бұзушылықтың алдын алуға цифрлық технологиялардың мүмкіндігі де кеңінен қолданылып келеді. Бейнебақылау, дрондар және басқа да заманауи құралдар заң бұзған азаматтарды жедел анықтап, тиісті шара қолдануға мүмкіндік береді. Алайда, техникалық бақылау қанша жерден жетілдірілгенімен, қоғамдық тәртіптің берік орнығуы әр азаматтың заңға деген көзқарасына тікелей байланысты десек артық айтпаспыз.

Заңның үстемдігі мен әділеттілік, құқық бұзушылыққа «нөлдік төзімділік», қауіпсіз қоғам қалыптастыру – бір күндік науқан емес, тұрақты әрі жүйелі жұмысты қажет ететін маңызды міндет. Осы ретте Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан профилактикалық іс-шаралар тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттырып, ортақ жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

Құқық қорғау органдары азаматтарды есірткінің заңсыз айналымы, қоршаған ортаны ластау, абаттандыру талаптарын бұзу және басқа да құқық бұзушылық фактілеріне бейжай қарамауға шақырады. Заң бұзушылық туралы уақытылы хабарлау – қылмыстың алдын алуға және қауіпсіз ортаны қалыптастыруға қосылған нақты үлес.

P.S. Тәртіп бар жерде – тұрақтылық, заңға құрмет бар жерде – қауіпсіз қоғам қалыптасады. Ал қаланың тазалығы мен қауіпсіздігі – баршаға ортақ жауапкершілік. Шымкентте «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» қағидаттарын орнықтыруға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ



СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА – 30 ЖЫЛ

ОДАҚТЫҢ ОЗЫҚ ІСТЕРІ КӨП

Сот – заң үстемдігі мен құқықтық әділеттің көпілі. Осындай жоғары жауаптылық жүктеліп, биік міндет артылған соң, сот саласы үнемі реформалардың бірегей алаңына айналды. Ал үздіксіз жүргізілген реформалардың жақсы нәтиже көрсетуі судьялардың бірлігі мен ынтымағына байланысты екені талас тудырмаса керек. Осындайда барша судьялар қауымының басын қосқан Судьялар одағы қоғамдық бірлестігінің орны зор.

Судьялар одағы ең алдымен қазақстандық судьялар мен сот қызметкерлерінің құқығын қорғайтын, мүддесін ескеретін, сөзін сөйлейтін құрылым ғана емес, бұл сонымен бірге ұжымды ұйыстыратын, әріптестер арасындағы ауызбірлікті нығайтатын ұйым ретінде мойындалған. Сонымен бірге одақтың сот жұмысындағы мәселелерді ашық талқылап, еліміздің заңдарындағы, сот жұмысын ұйымдастырудағы, судья қызметін үйлестірудегі, сот қызметкерлерінің құқығын

қорғаудағы түйткілді мәселелерді терең таразылап, тың шешім қабылдауға түрткі болып келе жатқанын да айрықша атап өткен жөн. Міне, осындай іргелі істердің басы-қасында болып, өзіне жүктелген міндетті талапқа сай атқарып келе жатқан Қазақстан Республикасы Судьялар одағы қоғамдық бірлестігі биыл өзінің отызыншы белесін бағындырып отыр.

Бұл – жай ғана мерейлі дата емес, судьялар қауымы үшін ерекше күн. 1996 жылдан басталған Судьялар одағы-

ның жылнамасы қазақстандық соттағы маңызды өзгерістердің тарихи өлшемі секілді. Өйткені Судьялар одағының дамуы сот саласының дамуымен қатар жүрді. Ұйым сот жұмысындағы әрбір жаңашылдықтың насихатшысына, тілекшісіне, дамытушысына айналды. Аға буын мен жас буын арасындағы алтын көпір бола білген одақтың үлгі алар істері аз емес.

Отыз жыл ішінде Судьялар одағы маңыз берген мәселенің бірі – судьялардың кәсіби ынтымақтастығын нығайтумен, сот жүйесінің беделін арттырумен өзектес. Осы мақсатта ұйымдастырылған «Үздік сот», «Үлгілі судья», «Үздік сот актісі» секілді байқаулар республикадағы мықты мамандарды анықтауға ғана емес, әріптестер арасындағы ойы озық, білімі жетік жан-

дарды дәріптей отырып, үздіктердің тәжірибесін көпшілікке таратуды мақсат етті. Ал бұл үздіктерді танытып қоймай, судьялардың өзара тәжірибе алмасуына жол ашатын керемет мүмкіндік болғанын уақыт көрсетіп отыр.

Қазақтың ежелгі салт-дәстүрінің жауһарларын таныстыру, ақын-жазушылардың шығармашылығын көпшілікке насихаттау мақсатында жыл сайын ұйымдастырылатын «Абай оқулары», «Мұқағали оқулары» сияқты челленджердің де судьялар мен сот қызметкерлеріне бергені мол. Бұл тек таланттарды танытуға ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік тілдің мерейін өсіруге, судьялар мен сот қызметкерлерінің тілді қолдану дағдысын шыңдауға көмектескенін байқап келеміз.

Судьялар одағының тек қызметтегі судьяларға ғана қамқорлық жасамай, ардагер судьяларды да назардан тыс қалдырмайтыны қуантады. Одақтың мұрындық болуымен еліміздің түкпір-түкпіріндегі отставкадағы судьялар тәлімгер ретінде тартылып, сот

жұмысына қатысты жаңашыл бастамаларды талқыға салған жиындарға белсенді қатысып, саланы жаңғырту ісінен шет қалмай келе жатқаны сала үшін үлкен мерей.

Судьялар одағының Алматы облысындағы филиалында да ауқымды іс-шаралар ұдайы жүргізіліп келеді. Филиал күнделікті сот жүйесінің және сот ісін жүргізуді жетілдіруге бағытталған семинарлар, практикалық көмек көрсету сияқты күнделікті жұмыстармен қатар бірқатар қоғамдық іс-шараларды да жүзеге асыруда. Әрине, отыз жыл – тарих үшін қысқа мерзім болғанымен, кез келген ұйым үшін үлкен тәжірибе мен маңызды жетістіктердің белгісі. Өткенге құрметпен карап, болашаққа сеніммен қадам басқан Судьялар одағы алдағы уақытта да әділдік пен заң үстемдігін нығайту жолында өз қызметін жалғастыра береді деген сенімдеміз.

Берік ҚОЖАХМЕТОВ,
Алматы облысы
мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьасы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

6. «Войд Волкерс» ЖШС (БСН 230340008726) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі, 46-үй, 75-пәтер. Тел. +7 705 664 15 25.

7. Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылы, Қаржауов көшесі, 11 ғимарат мекенжайында орналасқан «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Қаратөбе ауданы білім беру бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 070340010991) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Қаратөбе ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Ғ.Құрманғалиев, 10. Тел. 8 711 453 11 64.

8. «Ай-Даулет коммерц групп» ЖШС (БСН 111240003849) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050016, Жетісу ауданы, Арғымақ көшесі, 15-үй, 407. Тел. +7 701 271 51 95.

9. «Элит-ДОМ» Тұрғын үй-құрылыс кооперативі (БСН 130140022367) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: БКО, Орал қаласы, Қ.Аманжолов көшесі, 54-үй. Тел. +7 777 733 10 77.

10. «ҚҰРЫЛЫС ИПОТЕКА» Ипотекалық ұйым» акционерлік қоғамы (БСН 060540029224) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 36-үй, 82-пәтер.

12. «Жылысай АГРО» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 241140024170) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Кеген ауданы, Жылысай ауылдық округі, Жылысай ауылы, Жылысай көшесі, 17-үй.

13. «Элитный комплекс» көппәтерлі тұрғын-үй жайлары мүлктің меншік иелері бірлестігі (БСН 220640020912) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қаласы, 2-шағын ауданы, 11-үй, 42-пәтер.

14. «OfficeInvestService» ЖШС (БСН 120540013806) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Қазыбаев көшесі, 44-үй.

19. «BMMD Group (БиЭмЭмДи Груп)» ЖШС (БСН 191040033937) (Алматы қаласы, А25Т1В6, Иванилова көшесі, 63-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Затаевич көшесі, 56. Тел. +7 727 311 00 42.

20. «F&B Uskaman» ЖШС (БСН 201240025462 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, 010000, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 17Р үй, 23-пәтер. Тел. +7 777 392 70 02.

21. «SWISS HOSPITALITY GROUP» ЖШС (БСН 180940014394) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, 010000, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17Р үй, 23-пәтер. Тел. +7 777 392 70 02.

22. «Swiss Hospitality Uskaman» ЖШС (БСН 191240029798) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады:

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zaninfo.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.
Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел.: 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Криволюба Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Алғашында жасырын кездесіп жүріп, ұлдары дүниеге келген соң, Есболов ажырасуға бел буады. Бірақ, қатал әкесі тағы да араға түсіп, некені сақтап қалыпты. Дәрияның айтуынша, әкім жездесі үнемі әпкесінің үйіне келеді. Соны қызғанған әйелі бір жолы Сандуғашты адам жалдап ұрғызыпты да. Сұлулық салонын да өртетпек болыпты. Мұның бәрін әпкесінен кінәні алыстату үшін айтып жатыр ма, ол жағын білмедім. Бірақ Дәрияның сөзінен бір күмәннің шетін шығарғандай болдым. Қыздың сөзіне сенсек, әкімнің некелі әйелі өзіне қатысы жоқ істерге көп мұрын тығатын сияқты. Өзінше кәсіпкерлердің әйелдеріне қосылып, жабық жиындарға барып тіпті кейбірі қымбат сыйлықтар беретінді шығарған. Соны көрген әкім неше рет ескерту жасапты. Бірақ, әйел аяғын тартпаған.

– Әйелі болмайтын жерге араласып, та- ныс-туғандарын әр жерге тықпалайтын дегенді ардагерлердің де бірі айтып қалды, – деп сөзге Қасиет араласты.

– Енді күндес әйелдердің кемшілік теретін әдеті ғой. Оның үстіне, некелі жарын өлтіруге тапсырыс бере қоймаған шығар? – деген Абылай әріптестері- не сұраулы жүзбен қарады.

– Өбеке, бұл вариантты да толық жокқа шығаруға болмас. Туысқан інісінің айтуынша Есболовтың екінші әйелге баратыны, одан ба- ласы бар екенін туысқандары әлдеқашан білген. Бірақ, некелі жарынан барынша жасырып жүрген. Алғашында айқай-шу болып, әңгіме ажырасуға жеткенімен, мәселеге атасы араласқаннан кейін келін тоқтапты. Тіпті, әулеттің үлкен тойларына да Сандуғаш баласымен еркін келіп-кетіп жүрген. Дегенмен, күндесіне сұлулық салонын ашып беріп, қаланың орталығынан үш бөлмелі үй алып бергені- не әйел өкпелі сияқты. Ал өкпелі әйелдің неге бол- сын баратынын білетін шығарсыз, – деген Сұлтан сөзінің соңын Абылайға салмақ сала қорытты.

– Кешелі бері әкімнің жүрген-тұрғанын, жиған-тергенін жан-жақтан зерделеп жатырмыз ғой. Екінші әйеліне үй алып, салон ашып беретін- дей әкімде қайдағы ақша? Әкімнің айлығы ондайға жетеді деп ойламаймын, – деген Абылай жігіттерге қарсы сұрақ қойды.

– Есболов мемлекеттік қызметке бизнестен келген. Оқу бітірмей тұрып мал шаруашылығымен айналысқан, жүйрік баптаған. Оның «Қарлығаш», «Күйін» деген сәйгүліктері жыл сайын бәйге бер- мей жүр. Қазіргі жұлде қорын білесіз, кемі 7-8 миллиондық кытай көлігі. Ақшалай ұтыстар да баршылық. Одан бөлек, екі інісі көліктің қосалқы бөлшектерін сатса, әйелінің інісіне көлік жөндей- тін бірнеше шеберхана ашып берген. Айтпақшы, соңғы кездері осы жігіт әпкесінің қолдауымен қы- тай көліктеріне қосалқы бөлшектер әкелуді баста- ды деп естідім. Сол үшін әкімнің туыстары ара- сында кішкене түсінбестік орын алған сияқты. Бұл бизнестің де мән-жайын білу үшін салық органына сауал жолдап қойдық, – деді Әнуар.

– Тәэк, сонымен әзірге күдікті бірнешеу. Бірін- шісі – пикаппен жол торыған жігіт. Екіншісі – әкімнің әйелі мен інісі. Ардагер айтқан кәсіпкерді де ұмытпауымыз керек, – деген Абылайға Сұлтан «әкімнің креслосына таласып жүрген үміткерлер де осал жау емес» дегенді қосып қойды.

– Иә, ондай болса бұл қылмыс саяси сипат алады.

– Абылай Әзімханұлы, біз әкімнің қауіпті инъ- екциядан көз жұмғанын ұмытпайық. Ал Мәриям – дәрігер. Қанша мөлшерде калий салғанда жүрегі нашар адамның бірден жан тапсыратынын дәрігер- ден артық ешкім білмейді, – деді Роман да талқы- дан сырт қалмай. Былай қарасаң бұл да қисыды.

– Иә, әкімнің өлімі шырмауықтай ширатылып барады. Бірақ, сендер сияқты мықты ізкесушілер тұрғанда, ол жұмбақ бәрібір шешіледі. Солай емес пе, жігіттер! – деп қарауындағыларды бір жел- піңгіт алған полковник, – Бүгін өте жақсы жұмыс істепсіңдер! Ертең әкімді ақтық сапарға шығарып салады. Сұлтан екеуіміз сонда барып, халықтың ау- анын бір байқармыз. Ал Әнуар, сен байланыс опе- раторынан әкімнің әйелі, інісінің телефон қоңы- рауларын, оқиға болған кездегі қозғалысын сұрат. Сосын пикапты іздеуді бастаңдар! Іске учаскелік инспекторларды тартыңдар. Әкімдіктің есеп-қиса- бын, соңғы уақыттағы тендерлер мен онда жеңіл- гендер туралы мәліметті табу да маңызды. Аа, әлгі жас балалардың кім екені, не үшін сотталғанын да тезірек анықтаған жөн! – деген Абылай жігіттер- мен жылы қоштасты.

«Екі әйел алғанның дауы үйінде» деген рас-ау. Абылайдың бүгінгі ізденістен түйгені осы. Отба- сы бүтін азамат көз жұмса, әйелге қатысты күмән туындай қоймайды. Неге екенін кейінгі жылдары қалтасы ток кәсіпкерлердің екі, үш әйелдің ор- тасында жүруі әдетке айналып барады. Онысын өздері қазақ қыздары жалғыз жүрмесін, демогра- фияны көбейтпесек болмайды деп ақтап алатын бо- лыпты. Бірақ, бұл әрекеттің түбінде баршылық пен ку нәпсінің жатқаны анық қой. Әйелдер қауымы

өз таңдауы болған соң, азаматтың анда-санда төбе көрсетіп, шала көңіл бөлгеніне көндігер. Ал бала ше? Екінші, үшінші әйелдің баласы екенін білген ұрпақ ер жеткенде қандай сезімде болмақ? Соны ойлағанда күндесімен қатар отырып бір күйеуді жоқтауға кеңдік танытқан Елдосовтың әйелінің парасатына бас иесің.

Кешкі асқа отырған Абылайға Айшасы «Жаңа жұмысқа үйреніп қалдың ба? Ұжым қалай екен?» деп бәйек болып жатыр. «Тура сен қызметке кіріскенде мына қылмыстың орын ала қалғанын қа- рашы» дейді күйініп. Бүтін махаббатқа шомылған әйел ғана осындай қамқор болатын шығар, сірә? Әлде олай емес пе?

Ішкі ойын әйеліне білдірмеген Абылай өзі таңда



Қоңыр қайысқа түскен «Қолтаңба»

жіберген медициналық анықтаманың мән-жайын сұрады.

– Қазір медицина дамыған. Ол жігіттің денсау- лығы соншалықты жаман емес сияқты. Ондай мықты жігіт отаны еш қиындықсыз көтерер еді, – деді жекеменшік дәрігері.

Төсекке қисайған соң Абылай соңғы жаңа- лықтарды тағы бір шолып өтті. Ақпараттар айнасы өзгермепті. Жұрт әлі де әкімнің өліміне қатысты болжам айтып, полицияны қаралауын тоқтатпаған екен...

Танертең Абылай Сұлтанды ертіп қаралы үйді бетке алды. Сағат сегіздің кезі болса да жиналған жұрт кара-құрым. Сыртта сыр тартып тұрған еке- уіне назар салып жатқан ешкім жоқ. Бұлар әдейі біресе ет тартып жүргендердің, енді бірде қазан көтеріп жатқандардың маңына барып тың тындап көрді. Күдіктенетіндей ештене жоқ. Үлкендердің арасында әңгіме тыңдағансып отырған Абылай қалтасындағы телефоны шырылдағанда, орнынан ыршып тұра жазады. Телефон дауысын жүре бәсеңдеткен ол оңашалау жаққа шыққанда жаны- на Сұлтан да жетті. Бұл телефонды алып үлгерем дегенше, бейтаныс нөмірден түскен қоңырау сөне қалды да, жаңа хабарлама жылт етті.

«Сараптама дұрыс жасалған жоқ. Қайыстағы саусақ іздері анық. Бәрін почтанызға жібердім» депті.

Абылай мен Сұлтан бір-біріне тандана қарады. Егер мынау рас болса, тезірек жұмыс орнына жетіп, хабарламаны оқу керек. Ең бастысы, сарапшылар құпиянын бұларға жеткенін білмегені абзал.

Жылдамдата басқан Абылай мен Сұлтан По- лиция департаментіне барып, ортақ базадағы ха- барламаны ашқанша асыққан. «Жанашыр жан» бір емес, екі сараптаманың қорытындысын жіберіпті. Оның біріншісінде «Рөлден алынған қайыста оң жақ қолдың бас бармақ бедері анық түскен. Бұл саусақ іздері базада бар. Ол Байтақ Хасановқа ти- есілі», – делінген. «Жедел уәкіл Ә.Олжа тапсырған темекі тұқылдарында оң, сол қолдағы сұқ саусақ, бас бармақ пен ортаңғы саусақтың іздері анық түскен. Бұл саусақ іздері базадан табылған жоқ».

– Абылай Әзімханұлы, Хасановты дереу ұста- уымыз керек қой, – деді дегбірі кеткен Сұлтан бұй- рық күтіп. Сараптаманы әрлі-берлі аударыстырған Абылай:

– Асықпа, інім, асықпа. Хасановқа қайыстан басқа қандай айғақ көрсете аламыз? Қайысты әкім сатып алды, сыйладым десе не дейміз? Малшысы- ның телефонын пайдаланғанын да дәлелдеу қиын. Бізге қалайда темекі тартқан жігітті табу керек. Саусақ ізінің базадан табылмағанына қарағанда ол криминалға әлі араласа қоймаған. Оның үстіне, енді зейнетке жақындағанда Бердібектің де қисық сараптама бергенін түсіне алмай отырмын. Әлде

бір қысым болды ма екен? Қане, жедел топты 11-ге жинашы. Олар келгенше өзің байланыс операторы- на барып, Хасановтың соңғы үш күнгі қоңыраула- рын алып кел.

– Құп болады! – деген Сұлтан асығыс жүріп кетті.

Сағат 11.00. Бұл кезде жігіттердің бәрі Абылай- дың бөлмесіне қайта жиналған. Сұлтан келгенше үш уәкілдің уәждарын тыңдады.

– Пикапты кешелі бері іздеп жатырмыз. Әлі та- былмады, – деді Әнуар ұнжырғасы түсіп.

Ал Қасиет жаңа күдіктің ұштығын шығарды: – Талап ауданында 3 колледж бар екен. Жақын-

да есірткі жасырғаны үшін екі бала сотталыпты. Екеуі де көмелетке толмаған. Одан бөлек колледж- дегілер есірткі заттарынан уланып, тәуелділіктен арылу үшін емделіп жатқандардың көбейгеніне алаңдаулы. Директорлары полицияға неше рет айтқан. Әкімнің де назарына салыпты. Есболов соңғы бір жиында есірткі саудасын толық жоямыз дегенді сенімді айтыпты. «Егер осы бизнестің ба- сында тұрғандардың кім екенін тапсаңдар, әкім өлімінің де түйіні тарқатылар еді» дейді медицина колледжінің басшысы. Директор бұл оқыс оқиғаны әкімнің отбасы, мәнсабына емес, есірткі саудасына байланысты деп отыр, – деді Қасиет Абылайға сұраулы жүзбен қарап.

– Екі бала көмелетке толмағандар колониясын- да отыр ма? Олармен кездесіп, Байтақ Хасанов туралы сұрауымыз керек.

– Жолдас полковник, әкімнің кәсіпкер деп айтып жүргені осы Хасанов емес пе? Жаңа кол- ледждің бір оқушысы да курьердің бәрі Хасанның астында деп қалды, – деді Қасиет сөзді бөліп.

– Мүмкін, бәрі мүмкін. Қасиет, Роман екеуің колониядан рұқсат алып, балалармен сөйлесіп қай- тыңдар. Сот кезінде шындықты айтпағанмен, енді шындықты жасырып қалмас.

Жігіттер орнынан тұра бергенде серейген бір жігітті сүйрелеп Сұлтан да ішке кірді.

– Жолдас полковник, енді ол бұлтара аламайды!

– Кім? Кім? – деген жедел уәкілдер бейтаныс жігітке тесіле қараған.

– Сөйле! – деген Сұлтан жігітті орындыққа отырғызды да, өзі Абылайдың алдына байланыс операторы ұсынған анықтаманы қойды.

– Оператор 5 минутта Хасановтың қоңыраула- рын шығарып берді. Қарасам, таныс нөмір. Теле- фонымды тексере калсам, Талғат деп сақтап қой- ыппын. Жыл басында ғана анаша шекті деп анасы көмек сұрағанда, ақылымызды айтып, телефонын сақтап қойғам ғой. Анасы өтінген соң бірнеше рет арнайы хабарласкам да. Сосын ойыма күдік кіріп мынаның әлеуметтік желідегі суретін «Пикап иесін көрдім» деген іссапардағы ағаға жібермеймін бе? «Дәл өзі! Тек көзінде көзілдірік болды» дейді.

Бәрі Талғат деп таныстырған жігітке танда- ныспен қарап отыр. Мына ұзылтұраны әкімнің өліміне қатысы бар дегенге ешқайсысы сенбейтін- дей.

– Үш күннен бері Хасановтың ең көп қоңы- рау шалғаны да осы екен. Ал әкімге қастандық жасалған сәтте тіпті жиі хабарласқан. Анықта- маны ала салып, Сұлуасындығы үйіне барсам шол- жиып жатыр. Үстелдің үсті толған «Парламенттің» тұқылы. «Пикап» тұр гараждың ішінде. Қане, айт не болғанын. Бастан-аяқ баянда!

– Мен әкімді өлтіргем жоқ. Маған доза керек болды.

– Оңбаған, анасының шырылдап жүргені анау. Ал бұл есірткі үшін адам өлтіруге қатысқан, – деді Сұлтан ашуланып.

№ 68 (3895)

11 қыркүйек 2026 жыл

✉ zangazel@mail.ru

– Сұлтан, қоя тұршы. Талғаттың өзі айтсын не болғанын, – деген Абылай жағдайды өз қолына алды, – сонымен...

– Хасан, яғни, Байтақ Хасанов былтырдан бері Талаптағы колледждерді бақылауына алды. Ба- сында бізге аз-аздан мефедрон, анашаны тегін беріп жүрді. Кейіннен арзан бағаға сататын болды. Біреулер дәмін бір көрген соң жоламай кетті, ал мен бірте-бірте осы бөлге байландым. Анам жы- ласа да, ұрысса да, емдесе де қоя алмадым. Доза қажет болғанда Хасанның айтуымен закладчик бо- лып, есірткіні әр жерге қойып кетіп жүрдім. Құдай сақтап қолға түспедім. Ал екі бала сотталғанда ата-аналар шу көтерді. Іске әкім араласты. Поли- цияға есірткі саудасына тыйым салуды тапсыр- ды. Бірақ, бұл кезде тұтынатындар көбейген еді. Колледжді қойып, жоғары сыныптың балаларын тарта бастағанбыз. Әкімді ашындырған – бала- сының есірткі дәмін татуы болды. Ол Хасанды бүкіл тобымен құртуды тапсырды. Әкімнің бір істі бастаса, соңына жетпей тоқтамайтынын білген полиция бастығы Хасанға өзін амалын тап, мен енді мынаны тоқтата алмаймын деді. Ал Хасан әкімді Сұлусайға кездесіп, ақылдасуға шақырды. Оның сөйлесетін, келісетін ойы жоқ болатын. Әкім жоғарыға көтерілгенде Самат екеуімізге жолды жа- уып, ешкімді өткізбеуді тапсырды. Москвичті жол аузына қойысымен Самат үйіне қашып кетті. Мен пикаптың нөмірін шешіп алып, төбеде жасырынып тұрған едім. Жүргізушінің бірі байқап қалды.

– Сонда еңгезердей әкімді Хасанов жалғыз өзі өлтірді демексің бе?

– Иә, әкім өте салысымен Самат Москвичтің дөңгелегіндегі тастарды алып, көлікті жолдың ортасына жылжытты. Ал мен кішкентай дүрбімді салып жағдайды бақылап тұрғам. Ағаштың та- сасынан шыға келген Хасанды көрдім әкім көлі- гін бірден тоқтатты. Бірақ толық адам сыртқа шығып үлгерем дегенше, Хасан шприцті иыққа бар күшімен салып үлгерді. Шамасы есірткі шығар деп ойладым. Содан кейін әкім иығындағы тартпаны тартып сыртқа ұмтылам деп жанталасты да, бір сәт жүрек тұсын ұстап басы салбырады да қалды. Одан кейін Хасан әкімнің басын көтеріп, рөлді түзеді де, көлікті төмен қарай итеріп жіберді. Өзі жер бауырлап жата қалған ол «пикапқа» жеткенше бұқпантайлап еңбектеп жетті. Хасан келген соң, көлікті гаражға тығып, маған ешкімге көрінбей жат деп қолыма біраз дозаны берді. Өзі сол күні кешкі автобуспен қалаға кетті.

– Одан кейін кездесіп сөйлескен жоқсыңдар ма?

– Жок, Хасан жол бойы «көлік өртенбеді ә? Қайысты дұрыс байламаппын. Неге қатты байла- мадым» деп өкінумен болды.

– Оңбаған неме, адамды өлтіргеніне емес, көліктің өртенбегеніне өкінгенін қарашы, – деді Роман күйіп-пісіп.

– Сұлтан, мен мынаның түсінігін бейнетаспаға түсіріп, хаттамаға қолын қойғызып алғанша сен- дер Хасановты алып келіңдер! Және оның заңсыз ісіне қолдау көрсеткен полиция қызметкерлері де, жалған сараптама ұсынғандар да жазадан тыс қал- мауы керек! Сондықтан, Хасанов қылмысын мой- ындап, сыбайластарын атағанша, ақпарат сыртқа тарап кетпесін! – деген Абылай бейнекамераны қосып, айыптының жауабын ресми құжаттауға кірісіп кетті.

– Отағасы, бір күнде батыр болып шыға келіпсіз ғой. Қай сайтты қарап, қай әлеуметтік желіні аш- саңыз да сіздің суретіңіз жарқ етіп шыға келеді, – деп күлді Айша Абылайға таңғы аз беріп жатып.

– Сұлтан бастаған жігіттердің еңбегінің, сарап- тамадағы шынашақтай Ләззат деген қыздың ерлі- гінің арқасында күйеуің расында батыр боп жатыр.

– Енді аудандық полицияның бастығы да, са- раптама бөлігінің бастығы да Хасановпен бірге соттала ма?

– Полиция бастығы біраздан бері Хасанның то- бына қамқорлық танытқаны үшін ақша алып отыр- ған. Хасанов та қу ғой. Кейін тайықпн кетер деп, әр ақшаны берген сайын таспаға түсіріп отырыпты. Бердібектің де кінәсі осал емес. Былтыр есірткі дозасынан бала өлгенде де, бірнеше бала уланғанда да жалған сараптама берген болып шықты. Қайта Ләззат деген жас сарапшы көз алдында болып жатқан заңсыздыққа шыдамаған. Егер ол да өзге- лер сияқты «сен тимесен, мен тимен» принципін ұстанса қайтер еді... – деген Абылай үндемей қал- ды. Шайды баппен ұрттағаннан кейін ғана:

– Бердібек сараптама саласына бүкіл ғұмы- рын берген сыралғы жолдас еді. Өбден зейнетке шыққанда жаза басқаны дұрыс болмады, – деді күрсініп.

– Еее қу ақша не істетпейді...

– Рас, жалған сараптаманың кесірінен жедел топтың жігіттері үй көрмей екі күн аяқтарынан тозды. Сондықтан Бердібекке жанашырлық таңыту артық. Қой, генералдың қабылдауына кешікпей ба- райыын. Бүгін менің қырандарым департамент бас- тығының қолынан марапат алмақ, – деген Абылай орнынан ширақ көтерілді.

– Еңбегіңді бағалайтын халық аман болсын! – деп тіледі Айша іштей.

Закира НҰРЛАНҚЫЗЫ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғалы 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6414 дана
Апталық таралым 12828 дана

Тапсырыс № 134 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап- тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо- рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727) 51-78-27, 8(727) 51-78-31